

Көші-қонға бақылау жасауды күшейту жөніндегі кейбір шаралар туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 241 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы
№ 148 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.21 № 148 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Халықтың көші-қон туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 21-бабына сәйкес, шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуін және онда болуын бақылауды ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 4, 55-құжат, N 27, 320-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібінде:

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Қазақстан Республикасына келу кезінде 16 жасқа толған әрбір шетелдік азаматқа көші-қон карточкасы беріледі.

Көші-қон карточкалары Қазақстан Республикасынан кету кезінде тапсырылуы тиіс.

Көші-қон карточкалары:

паспорттары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде және оның өкілдіктерінде тіркелетін адамдарға;

Қазақстан Республикасының визасы бар адамдарға;
әуе, теңіз және өзен кемелері экипаждарының мүшелеріне;
поезд, оның ішінде рефрижератор, локомотив бригадаларының жұмыскерлеріне және темір жол көлігімен тасымалданатын жүктерді бірге алып жүретін адамдарға;

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін поездардың жолаушыларына;

халықаралық автотасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілеріне берілмейді.

Көші-қон карточкасын беру ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген органдар айқындайды.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдік азаматтар бес күнтізбелік күн ішінде өзінің тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша тіркелуге міндетті. Шетелдік азаматтарды тіркеу жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша жүзеге асырылады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тіркеу шетелдік азаматтың ұлттық паспорты мен визасының қолданылу мерзімінен аспайтын кезеңге ресімделеді.

Қазақстан Республикасымен келудің және болудың визасыз тәртібі туралы халықаралық шарттары бар елдерден Қазақстан Республикасына келген азаматтарды тіркеу тоқсан тәуліктен аспайтын мерзімге жүргізіледі және кейіннен дәл осындай мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға заңда белгіленген тәртіппен ресімделген рұқсаты бар шетелдік азаматтарды тіркеу осы рұқсаттың қолданылу мерзіміне ресімделеді.

Қазақстан Республикасының оқу орындарында оқитын шетелдік азаматтарды тіркеу бір оқу жылына ресімделеді.

Шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес паспорттарды тіркеуден босатылуы мүмкін.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Шетелдік азаматқа және азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден мыналарға бас тартылуы мүмкін:

1) алдын ала заңсыз көшіп келушілерге, сондай-ақ өздері шыққан елдердің заңнамасы бойынша қылмыс жасағаны үшін қудаланушы көшіп-келушілерге;

2) тұрақты тұратын жері қылмыс жасағанға дейін Қазақстан Республикасынан тысқары жерде болған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға;

3) адамзатқа қарсы қылмыстар жасаған адамдарға;

4) оралмандардан басқа, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өзінің төлем қабілеттігін растау қағазын ұсынбаған адамдарға;

5) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау органдары мен басқа да уәкілетті органдарының қорытындысына сәйкес Қазақстан Республикасының

аумағында эпидемияның туындауына себеп болуы мүмкін ауруы бар адамдарға;

б) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті органның, ішкі істер органдарының және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің дәлелді шешімінің негізінде Шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болуының құқықтық ережесі туралы заңнаманы
б ұ з ғ а н а д а м д а р ғ а .

Тұрақты тұру рұқсатын және азаматтығы жоқ адамның куәлігін беруден бас тарту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен
ш а ғ ы м д а л у ы м ү м к і н . " ;

36-тармақтың бірінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Оларды ұстау Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген тәртіппен ішкі істер органының арнайы мекемелерінде жүргізіледі."

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Кедендік бақылау агенттігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен 2003 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде көші-қон карточкаларын берудің бірыңғай ережесін әзірлесін, оларды ресімдеу жөніндегі функцияларды мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде ҰҚК Шекара қызметінің әскери қызметшілеріне, ал олар болмаған жерлерде - Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің қызметкерлеріне жүктесін.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі шетел азаматтарына жолаушы көлігінің жол жүру кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріне келгенге дейін тасымалдаушылардың көші-қон карточкаларының бланктерін алдын ала беруін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Ресей Федерациясының Жол қатынастары министрлігімен Қазақстан Республикасының бақылау органдарын Ресей темір жол басқармасының қарамағындағы темір жол учаскелеріндегі темір жол өткізу пункттерінде орналастыруды келіссін және жолаушы және жүк тасушы поездардың шекаралық және кедендік бақылау жүргізу үшін қажетті уақытқа тоқтап тұруын белгілесін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қаржы министрлігі көші-қон бақылауын жүзеге асыру кезінде ведомстволық жүйелердің , оның ішінде "ТАИС" және "Бүркіт" жүйелерінің пайдаланылуын қамтамасыз

е т с і н .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 38 Қаулысымен.

5. Осы қаулы жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК